

«ҚазҰУ – еліміздің озық университеті.

Осы жерде білім алу – әсіресе, жастарға үлкен құрмет».



FARABI UNIVERSITY – 90

QAZAQ UNIVERSITY



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№45 (1957) 23 ЖЕЛТОҚСАН 2024 ЖЫЛ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Тоқсан жылдық мерейлі белес

Биыл еліміздің көш-басшы жоғары оқу орны – Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толды. Осы кезеңде білім ордасы бірнеше даму сатысынан өтті. Алыс және жақын шетелдерге қуатты зияткерлік әлеуетімен, беделді ғылыми мектептерімен танылды.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келген арнайы сапарында білім ордасының әлеуетін арттыру мақсатында бірқатар тапсырмалар берген еді. Көп ұзамай ҚазҰУ «зерттеу университеті» мәртебесіне ие болды. Бұл университеттің ғылыми әлеуетін көтеруге ықпал жасайтын жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

2019 жылы Мемлекет басшысы Бейжіңде Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен кездесіп, ынтымақтастыққа қол жеткізген болатын. Бұл Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты арттыру, сондай-ақ мемлекет басшыларының ғылым мен жоғары білім беруді дамыту бағытындағы ауқымды бастамасы болды. Нәтижесінде Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орнатылды. Құрылғының жоғары өнімділігі 2000 терафлопсты құрайды. Сондай-ақ әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің тізіміне кіреді. Суперкомпьютер жасанды интеллект технологиясы, мұнай-газ, энергетика, ауыл шаруашылығы, Жерді қашықтықтан зондау, 3D модельдеу салалары бойынша деректерді топтастырады. Жоғары технологиялық құрылғы бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, елдің IT-инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді. Университеттің есептеу техникасы саласындағы мүмкіндіктерін едәуір кеңейте отырып,



ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен дәлдігін арттырады. Құрылғы жасанды интеллект технологияларын, университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша ғылымды қажетсінетін есептеулерді жасау, IoT-объектілерді басқару және ұйымдастыру, Smart-технологиялар объектілерін басқару жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

Сонымен қатар Өндірістік робототехника және роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығы жаңадан жасақталды. ҚазҰУ – KUKA немес компаниясымен бірлесіп Дүниежүзілік банктің өнеркәсіптік робототехника бойынша елімізде алғашқы компетенция орталығын құру жөніндегі жобасын іске асыруда. Орталық «Өнеркәсіп – 4.0» жүйесінде жұмыс істейтін кәсіби кадрларды даярлап, өндірісті автоматтандыру, цифрландыру мақсатын айқындайды.

Германия мемлекетінен жеткізілген құрылғы стартаптарға технологиялық операцияларды роботтандыру тұжырымдамаларын зерттеуге, көрсетуге және сынауға арналған бірегей алаң ұсынады. Шын мәнінде бұл білімді, дағдыларды, мүмкіндіктерді тарату және әзірленген шешімдерді Қазақстанда да, шетелде де өнеркәсіптік компанияларға одан әрі енгізу үшін негізгі платформа болып саналады. Өнеркәсіптік робо-

тотехника саласындағы инжинирингтік компетенция орталығы ғылым, білім және отандық өнеркәсіпті біріктіре отырып, Қазақстан өнеркәсібі үшін білікті кадрларды даярлау орнына айналады.

Биыл бұған қосымша «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы бой көтерді. Бес мың шаршы метрді құрайтын хаб креативті индустрия, жасанды интеллект, стартап жобаларды жүзеге асырады. Мұнда телекоммуникациялар мен ақпараттық технологияларды өндіруде әлемде мойындалған ZTE, Binlin Electronic Technology, BASF корпорациясы және басқа да шетелдік компаниялардың орталықтары, университет базасындағы ғылыми-зерттеу институттары орналасқан.

Президент тапсырмасына сәйкес, «Жасанды интеллект саласында маман тапшылығын жою» жұмыстары қолға алынды. Биыл ақпараттық технологиялар факультетінде Киберқауіпсіздік және криптология кафедрасы құрылды. Жаңа оқу жылында алғашқы докторанттар қабылданды. Оларға жасанды интеллект көмегімен қауіп-қатерді анықтау, шабуылдарды болжау және зиянды бағдарламалардан қорғау курстары оқытылады. Сондай-ақ шифрларды бұзу және деректерді қорғау үшін жасанды интеллект алгоритмдерін қол-

дану дағдылары үйретіледі. Ірі IT-компаниялармен және мемлекеттік ұйымдармен тәжірибе алмасып, заманауи құралдармен жұмыс істеуге дайындалды. MIT, Stanford немесе Carnegie Mellon сияқты университеттердің білім беру бағдарламаларына бейімдейді.

Әлем елдерінде медицина саласын цифрландыру жүйесіне көшіру және жасанды интеллекті медицинада қолдану қарқынды дамуда. Сол себепті «Медицинадағы жасанды интеллект» білім бағдарламасы бойынша ақпараттық технологиялар факультеті мен медицина және денсаулық сақтау факультеті бірлесе мамандар даярлауда. Бұл өз кезегінде клиникалық медицинада Big Data және жасанды интеллект зертханаларын құруға мүмкіндік береді. Клиникалық жазбаларды, суреттерді, зертханалық нәтижелерді, геномдық деректерді және басқа да маңызды ақпаратты қамтитын медициналық деректерді жинау, сақтау және талдау жүйесін қалыптастырады.

Халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейту мақсатында университет биыл АҚШ-тың Penn State университетімен IT бағытында бірлескен ғылыми орталық құру туралы келісімге қол қойды. Францияның экология және қоршаған орта институтымен «Орталық Азияның зерттеу жөніндегі археозоологиялық орталық» зертханасын бірлесіп ашты. ZooStan орталығының негізгі мақсаты – соңғы миллион жыл ішінде адам мен жануарлар арасындағы қарым-қатынас динамикасының prizması арқылы өткен тарихты зерттеу.

Көшбасшы университет Гонконг политехникалық университеті арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойып, Орталық Азиядағы Тұрақты даму орталығы жұмыс істей бастады. Орталық Азиядағы және «Бір белдеу – бір жол» жобасына қатысушы мемлекеттерде әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатын көздейді. Осы жылдың тамыз айында Астанада өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI консультативтік кездесуі және «Орталық Азия + Жапония» диалогының бірінші саммиті аясында ҚазҰУ базасында Жапонияның Цукуба университетімен бірлескен Сейсмикалық орталық құру жөнінде келісім жасалды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орай, «Фараби химия ғылымы» атты заманауи кластер ашылды. Химия және химиялық технология факультетінде орналасқан жаңа ғылыми объектінің құрамына тоғыз заманауи зертхана кіреді.

Ғылым болашағына ИНВЕСТИЦИЯ

Заманауи зертханалар: химия мен технологияларды дамытуға қосқан үлесі ғылыми зерттеулер мен инновациялар экономиканың өртүрлі салаларын дамытуда және өмір сүру сапасын жақсартуда шешуші рөл атқарады.

Жалғасы 4-бетте

Университетіміздің қазіргі жетістіктеріне 2015 жылы ашылған медицина және денсаулық сақтау факультетінің оқытушы-профессорлық құрамы да өзіндік үлесін қосты.

Даму жолындағы жетістік



Бүгінгі таңда медицина және денсаулық сақтау факультетінде әлемнің 41 елінен 4000-нан астам студент оқиды. Ғылым, білім беру, медициналық практика мен инновацияның орталығы ретінде факультет беделді шетелдік университеттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, танымал ғалымдарды арнайы дәріс оқуға шақырып, тәжірибе алмасуда. Атап айтқанда сегіз шетелдік шақырылған профессор дәріс оқиды және бірлескен ғылыми жобаларды орындайды.

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 5-бетте

Соңы. Басы 1-бетте

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Тоқсан жылдық мерейлі белес



Мемлекет басшысы биылғы ресми сапарында «Қытай – біз үшін тату көрші, достас және мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктес мемлекет» деп атап өтті. Осыған орай, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында университет Қытай жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасты тереңдетуге күш салуда.

Қазіргі таңда ҚазҰУ мен Қытайдың 65 жоғары оқу орны тығыз байланыс орнатты. Олардың арасында Пекин университеті, Бейжің шет тілдер университеті, Шанхай шет тілдер университеті бар. Сондай-ақ Қытай ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институты, Сиань Цзяотун университеті және Солтүстік-батыс политехникалық университетімен ынтымақтастық жоғары деңгейде. 2023/24 оқу жылында Қытайдың жоғары оқу орындарына 100-ге жуық оқытушы-докторант, магистрант жіберілді. Ал ҚазҰУ-да Қытайдан келген 869 студент білім алуда.

Өткен жылы екі ел президенттерінің қолдауымен ҚазҰУ-да Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы ашылды. Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен 2025 жылы ғарышқа микроспутник ұшыру жоспарланып отыр. ҚазҰУ ғалымдары ғарышты қашықтан бақылап, алынған деректер бойынша талдау жұмыстарын жүргізетін болады.

Мемлекет басшысы «климаттың өзгеруіне қарсы күрес және жасыл экономиканы дамыту секторларында күш біріктірудің мәні зор» екенін үнемі еске салып келеді. Қазақстан көмірге бай кен орындарына ие және әлемде көмір қоры бойынша 10-орында тұр. Өздеріңіз білетіндей, Қазақстанда көмір бастапқы энергияны тұтынудың 53,7 пайызын құрайды. Ал бұл көрсеткіш таяудағы бірнеше жылда тез өседі деп күтілуде. Алайда көмірдің 62-65 пайызының сапасы төмен. Қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту үшін жаңа технологияларды енгізу өте маңызды. Осы тұрғыда университеттің жас ғалымдары мемлекет қолдауын пайдалана отырып, мемлекеттік және халықаралық жобаларды орындауда. Соның бірі – көмір шахталарындағы жарылыстың алдын алуға болатын биотехнология әдістері арқылы метан газын бөліп алу. Ал шахтадан сыртқа шығарылған сапасыз көмірдің үйінділерінен биотехнологиялық әдістерді пайдалану арқылы биотыңайтқыш алу.

География және табиғатты пайдалану факультетінде «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы ашылды. Жаңа орталық құрамына Орнықты даму мақсаттарын іске асыратын 10 инновациялық зертхана кіреді. Атап айтқанда: климат және модельдеу, цифрлық картография және қолданбалы геодезия, GlobalSky – атмосфералық зерттеулердің инновациялық зертханасы, су ресурстарының сапасын сақтау, топырақ экологиясын және ландшафттардың деградациясын геоақпараттық

талдау, геодемографиялық және әлеуметтік-экономикалық зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Бұған қосымша, «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы іске қосылды. Жаңа орталық Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруінен болатын су тапшылығы, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы, аймақтағы су тасқыны, жер сілкінісі сияқты табиғи қауіп-қатерлерге мониторинг жүргізеді. Орталық ғалымдары өткен жылғы көктемгі су тасқыны кезінде штаб құрамында Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында жұмыс істеп, ұсыныстар әзірледі.

Химия және химиялық технология факультетінде Chemical Coating innovations ғылыми-өндірістік орталығы ашылды. Мұнда машина жасау өндірісі үшін гальваникалық қаптама-лар шығарады. Бұдан бөлек, факультет ғалымдары заманауи Farabi Chem Science тоғыз ғылыми зертхана кластерін ашты. Кластердің мақсаты – металл және ағаш конструкцияларға арналған оқта тәзімді жабындарды жасау, қоршаған ортаны ластаушы заттарды анықтап, химиялық ток көздеріне арналған жаңа материалдарды әзірлеу. Сондай-ақ отандық медициналық-биологиялық құралдар мен бактерияға қарсы қорғаныш жабындарын алудың оңтайлы әдістерін әзірлейді.

ҚазҰУ базасындағы Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығында тұмау мен бауыр ауруларынан сақтайтын, коронавирус инфекциясына қарсы биологиялық белсенді қоспалар дайындалады. Сондай-ақ қант диабетін төмендететін, қан қысымын реттейтін, асқазан-ішек жүйесінің жұмысын жақсартатын, иммунитетті көтеретін фитошайлар өндіріледі. Бүгінде орталық соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталған.

Биылғы қараша айының басында ҚазҰУ-да жоғары білім беру мәселелеріне арналған QS Higher Education: Asia Pa-

cific 2024 пре-саммиті өтті. Халықаралық шара QS Азия-Тынық мұхиты саммитінің 20 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Жиынға 150 мемлекеттен, атап айтқанда Қытай, Жапония, Индонезия, Үндістан, Малайзия т.б. елдерден келген 350-ге жуық ЖОО ректорлары, халықаралық сарапшылар және отандық жоғары білім басшылары қатысты.

Университеттің 90 жылдығы аясында атқарылған ауқымды іс-шараның бірі – І халықаралық Түркі дүниесі жастарының форумы. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы мен ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырған халықаралық шараға АҚШ, Германия, Швейцария, Нидерланды, Түркия, Румыния, Қырғызстан, Өзбекстан, Болгария, Әзірбайжан – барлығы 25 мемлекеттен 200-ге жуық жастар жиналды. Жастар форумы түбі бір түркі әлеміндегі интеллектуал жастардың басын қосуға үлкен мүмкіндік берді. Мұндағы мақсат – түркітілдес халықтар арасындағы бауырластық, достық қарым-қатынасты арттырып, мәдени, тарихи, ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

2022 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңін бастау туралы шешім қабылданды. Қазіргі таңда жетіқабатты үш оқу корпусы мен 2200 орынға арналған үш жаңа жатақхананың құрылыс жұмыстары жүруде. Жалпы, болашақта 12 мың орынға арналған жатақхана, тоғыз оқу корпусы және профессорлық-оқытушылық құрамға арналған 1080 пәтерлік 10 тұрғын үй салу көзделген.

Сондай-ақ технопарк, заманауи университет клиникасы, әкімшілік ғимараттар салу жоспарлануда. Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы мен спорт-сауықтыру кешені қайта жаңғыртылуда. Жоғары сападағы, заманауи үлгідегі ҚазҰУ стадионы УЕФА мен ФИФА ұйымдарының талаптарына сай күрделі жөндеуден өтті. Футбол алаңының

жасанды жабындысы мен дренаж жүйесі әлемдегі Топ-3, Орталық Азиядағы Топ-1 талабына сәйкес келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға ресми сапары аясында Ыстамбұлда ҚазҰУ филиалының ашылу рәсімі өтті. Осы жылдың 26 мамырында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкекке барған сапары барысында ҚазҰУ филиалының тұсауын кесті. Қазір мұнда бакалавриат пен магистратураның 13 білім беру бағдарламасы бойынша студенттер білім алуда. Сонымен қатар ҚазҰУ базасында инженерлік білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің (Мәскеу инженерлік-физикалық институты) филиалы жұмыс істейді.

Жақында ҚазҰУ филиалы екі ел президенттерінің қатысуымен Ресейдің Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті базасында ашылды. ҚазҰУ-дың Омбыдағы филиалы «Халықаралық құқық», «Қазақ филологиясы» және «Кеден ісі» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бакалаврлар мен магистрларды даярлайды. Болашақта қос-дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Сондай-ақ Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің ҚазҰУ-да іске қосылған филиалында техникалық мамандар даярлануда. ҚазҰУ мен Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университеті меморандум шеңберінде 2025 жылы ғарышқа микроспутник ұшырып, ғарышты бақылап, алынған деректер бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – бүгінде қанатын кеңге жайған әлемдік деңгейдегі зерттеу университеті. Халықаралық ғылыми қоғамдастыққа одан әрі интеграциялау, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды интернационалдандыру – білім ордасын дамытудың басым бағыттарының бірі. Универси-

теттің ғылыми базасын дамыту мақсатында шетелден көптеген ғалымдар тартылуда. Оқу ордасы ғалымдар және студенттер алмасу, халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру, бірлескен ғылыми және білім беру қызметін орындау мақсатында жетекші шетелдік университеттермен ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыруда.

ҚазҰУ халықаралық QS WUR рейтингінде 163-орынға көтерілді. Посткеңестік елдерден бұл топқа тек екі университет – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кіреді. Биыл университет Times Higher Education University Impact Rankings – 2024 халықаралық рейтингінде Топ 401-600 орынға, QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінде 29-орынға ие болды. Бұл рейтингте ҚазҰУ Бейжің университеті, Сингапур ұлттық университеті, Корея университеті сияқты әлемдік университеттермен қатар, Топ-30-ға енді. ҚазҰУ мен Батыс және Шығыс Еуропа, Солтүстік Америка, Азия және Тынық мұхиты аймағындағы жоғары оқу орындары мен ұйымдары, соның ішінде әлемнің жетекші университеттері мен орталықтары арасында сәтті жүзеге асырылып жатқан 700-ден астам келісімдер бар.

Білім ордасында 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылады. Мысал ретінде айтар болсақ, ҚазҰУ базасында «Геоэнергетика» Қазақстан-Франция ғылыми-білім беру орталығы құрылды. Бұл орталық білім алушыларға қос диплом береді.

ҚазҰУ ғалымдары әлемнің үздік ғылыми орталықтары мен университеттерінде тағылым-дамадан өтуге мүмкіндік беретін «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасына белсенді қатысуда. 2021-2024 жылдар ішінде университеттің 70 ғалымы мен қызметкері АҚШ, Еуропа, Азия елдерінің беделді университеттер ордасында тағылымдамадан өтіп, басым бағыттар бойынша әлеуетін арттырды.

Соңғы жылдардағы ТМД-ға мүше мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы кеңесінің хатшылығы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім, І халықаралық Фараби форумының ашылуы, Еуропалық Парламент делегациясының ҚазҰУ-ға арнайы сапары, Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңеспен (ACCELS) ынтымақтастық туралы келісім сияқты маңызды шаралар ҚазҰУ-дың халықаралық беделін жаңа сатыға көтерді.

Университеттік ғылым сапасын арттыру, білім алушыларды ынталандыру, жас ғалымдардың ізденістерін қолдау, ҚазҰУ қалашығын жандандыру жұмыстары жүйелі жалғасатын болады. Тоқсан жылдық мерейлі белеске көтерілген Фараби университеті мемлекет қолдауымен, білікті ғалымдарымыз бен оқытушы-профессорларымыздың еңбегі арқылы алдағы кезеңде де межелі белестерді бағындыра бермек.

Мәулен ӘШІМБАЕВ, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы:

ҚазҰУ – ұлттық мақтанышымыз

**Құрметті
Жансейіт Қансейітұлы!
Қадірлі университет
ұжымы және студенттер!**

Сіздерді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл оқу орны – қазақ білімінің қара шаңырағы, ұлттық мақтанышымыз. Білім ордасы құрылған сәттен бастап еліміздің адами капиталын дамытуға шешуші үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ғылым ордасында сөйлеген сөзінде: «Біз көшке ілесетін емес, көшті бастайтын елдердің қатарында болуымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет», – деген болатын.



Осы мақсатты іске асыруда терең тарихы, бай тәжірибесі мен қалыптасқан дәстүрі бар ұлттық университеттің алатын орны ерекше. Себебі аталған оқу орны айтулы ғалымдардың талай буынына тәлім бергені белгілі. Олардың қатарында Кемел Ақышев, Манаш Қозыбаев, Зейнолла Қабдолов,

Жабайхан Әбділдин, сондай-ақ үздік физик-математик, химик, инженерлер бар екені баршаға мәлім.

Әдебиетіміздің алыптары – Әбдіжәміл Нұрпейісов, Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев секілді қаламгерлер де осы білім ордасының қабырғасынан ұлт биігіне қанат қақты.

Бұл мерейтой – тек бір оқу орнының ғана емес, бүкіл еліміздің ғылым мен білім саласындағы жетістіктерінің айқын көрінісі. Осы университеттің түлегі ретінде оқу ордасының жаңа белеске шығуын зор мақтанышпен қабылдаймыз.

Осы мерейлі сәтте баршаңызға мықты денсаулық, бақ-береке және толайым табыс тілейміз.

Қазақ ұлттық университетінің мәртебесі биік, абыройы асқақ болсын!

Қанат ТУМЫШ, Қазақстан Республикасының Вьетнам Социалистік Республикасындағы елшісі:

Жол көрсеткен ұстаздарыма мың алғыс

**Аса қадірлі
Жансейіт Қансейітұлы!**

Қазақстан Республикасының Вьетнам Социалистік Республикасындағы елшілігінің атынан және жеке өз атымнан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы және ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Аталмыш университеттен алған білімім үшін мың да бір рақмет айтқым келеді. Менің өмірден өз орнымды таба білуге жол көрсеткен ұстаздарыма алғысым шексіз.

Тоқсан жылдық тарихы бар



білім ордамыз ретінде ҚазҰУ бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп жүр. Әлемдік университеттер рейтингі бойынша лайықты орын алуда. Мыңдаған жоғары білікті мамандарды

даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Танымал университет ретінде қалыптасу жолында күрделі және үлкен белестерден өтті.

Түлектеріңіз тек Қазақстан Республикасының аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызмет атқарып жүргенін, сондай-ақ жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен атап өту қажет.

Киелі шаңырақтың мәртебесі өсіп, биік белестерден көріне білсін! Болашақ ұрпақтың алар білімі мол болсын дегім келеді.

Дастан РЫСПЕКОВ, Ұлытау облысының әкімі:

Маңдайалды шаңырақтың түлегімін

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы мен барша білім алушысын қара шаңырақтың 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Елімізде іргетасын университет мәртебесімен қалаған тұңғыш оқу ордасының менің өмірімде де алар орны бөлек. Талай текті мен мықтыны тәрбиелеп, үлкен өмір жолына маман ретінде қосқан маңдайалды шаңырақтың түлегі болу – мен үшін зор мақтаныш.

Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері мемлекетіміздің өркендеуі үшін барлық салада еңбек етіп жүр.



Өзінің тарихи кезеңінде 200 мыңнан астам маман даярлап шығарған білім ордасының жетістігі де осы нәтижемен өлшенсе керек. ҚазҰУ-ды мақтан тұтатын шәкірттерінің басын

қосқан қауымдастықтың құрылғанына 30 жыл толуы да бірліктің көрінісі іспетті.

Осы орайда, Ұлытау облысы атынан университет ұжымына шығармашылық өрлеу, ұжымдық бірлік пен жаңа табыстар тілеймін. Университетіміздің абыройы асқақтап, білім шамшырағы мәңгілік жарқырай берсін!

Жоғары білім сапасы мен ғылым саласындағы мықты мамандарды даярлауда республикамызда көш бастап қана қоймай, әлемдегі оқ бойы озық тұрған жетекші университеттердің бірі саналатын білім ордасының ары қарай да биік белестерді бағындырына сенім мол.

Дәурен АБАЕВ, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы төтенше және өкілетті елшісі:

Кәсіби мамандардың альма-матері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлық құрамы мен білім алушыларды оқу ордасының 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Университет осы жылдар аралығында Қазақстанның ғана емес, әлемнің көптеген елдерінің дарынды және өз ісінің нағыз кәсіби мамандарының альма-матеріне айналды. Бүгінде ҚазҰУ ғылым мен білім салаларының дамуына зор үлес қосуда. Университет түлектерінің арасында кәсіби қызметін табысты жүзеге асырып жатқан қазақстандықтар көп. Өзім де ҚазҰУ түлегі екенімді әрдайым мақтан тұтамын.

Халықаралық білім берудің лайықты көшбасшыларының қатарында қара шаңырақ университет қызу білім бәсекесі жайында қарқынды дамуын жалғастыруда. Отандық білім берудің озық дәстүрі мен заманауи технологияларға сүйеніп, университет



қоғамда жоғары сұранысқа ие кәсіби мамандарды даярлайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ресейде өз филиалын ашқан алғашқы шетелдік жоғары оқу орны атанып, халықаралық ынтымақтастыққа белсене атсалысуының өзіндік ерекше орны бар.

Осы сәтті пайдалана отырып, құрметті Жансейіт Қансейітұлы, сізге және университет ұжымына зор денсаулық, амандық және шығармашылық табыс тілеймін!

Азамат БЕРДІБАЙ,

Қазақстанның Кувейт мемлекетіндегі елшісі:

Жаңа бастамаларға сәттілік серік болсын

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – егемен Қазақстанның білім мен ғылыми өміріндегі айрықша мәнді оқиға әрі отандық Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихындағы мерейлі белес.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің білім беру жүйесінің беткеуістер көркі, еліміздің ғылыми өмірінің дамуына, моральдық және рухани құндылықтардың нығая түсуіне, жастар тәрбиесіне зор үлес қосып отырған іргелі ұжым.

Бұл орайда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті алдағы уақыттарда да еліміздің кешегі маңызды әрі атақты ғалымдары мен педагогика мамандары – М.Әуезов, Т.Тәжібаев, М.Козловский, К.Парсы, Б.Домбровский, Е.Бекмаханов, С.Болатов, С.Нейстат, Е.Ысмайылов сынды көптеген көрнекті тұлғаларының баға жетпес мұраларын лайықты жалғастырушы жаңа ізбасарларын тәрбиелеп шығаратынына кәміл сенемін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі



ретінде осы білім ордасы алдағы уақытта да әлемдік үздік университеттердің ішінде алдыңғы қатарынан көрінуге, сондай-ақ өресі биік зиялыларымызды елдік істерге ұйыстыра беретініне тілектеспін.

Құрметті Жансейіт Қансейітұлы! Еліміздің қоғамдық-саяси істеріне белсенді атсалысып, еселі еңбегіңіздің жемісін ұзағынан көре беруіңізге тілектестігімді білдіремін.

Орайлы сәтті пайдаланып, сізге және университет ұжымына зор денсаулық пен қажымас қайрат тілей отырып, жаңа бастамаларға тек сәттіліктердің серік болуын тілеймін.

Тәуелсіз елдің тұңғыш елшілерінің ұстаханасы



Мемлекеттің сыртқы саясат саласында белсенді қызмет атқарып жүрген түлектерін мақтаныш санайтын факультет оқу ордасының 90 жылдық мерейтойына да үлкен жетістіктермен келді.

Таяу күндері елдің саяси өмірінде болған маңызды оқиға – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті В.Путиннің бейнебайланыс арқылы қатысуымен Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті базасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының ресми ашылуы факультет өміріндегі ірі бетбұрыс болды. Себебі университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен жүзеге асқан осы жобаның аясында факультеттегі «Халықаралық құқық» білім беру бағдарламасының филиалда оқытылатын үш бағдарламаның бірі ретінде қабылдануы және ары қарай да осы бағдарлама бойынша қосдипломды бағдарламаның қолға алынуы ерекше жаңалық болды.

Тоқсан жылдық қарсаңында қолға алынған және толығымен аяқталып, студенттер мен оқытушыларға, сырттан келетін ресми қонақтарға тартымды қызмет көрсетіп отырған сыртқы саясат дәрісханасы – Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясы орталығы уақыт өлшеміне толығымен жауап беретін талаптарға сай жабдықталды. Факультеттің қиреберіс қабатындағы аллеясында мемлекеттің сыртқы әлеммен байланысын «Сындарлы дипломатия ел қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деген Мемлекет басшысының сөзімен айшықтаған «Қазақстан және халықаралық ұйымдар», сонымен бірге тәуелсіз елдің алғашқы елшілері туралы және басқа да көрнекі ақпарат қабырғалары жасалды.

Халықаралық қатынастар факультетінің оқытушылары жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында Харбин политехникалық университетімен (Harbin Institute of Technol-

огу) жаңаша форматтағы байланыс орнатты. Факультет деканы Ж.Сайрамбаева, кафедра меңгерушілері Г.Байкүшікова және К.Алтаевлардың Халықаралық құқық кафедрасы жанынан құрылған халықаралық және салыстырмалы құқықтың Қытай – Қазақстан бірлескен білім беру және зерттеу орталығы аясында қолға алынған жатқан шаралар үлкен жауапкершілікпен жүзеге асуда.

Оқу ордасының 90 жылдығы аясында профессор Ж.Ибрашевтің 95 жылдығына арналған «Жаңа геосаяси шындықтағы халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция және V Еуразиялық оқулары мен халықаралық қатынастар факультетінің бірінші деканы Гүлжаухар Жамбатырованың 80 жылдығына арналған «Әлемдік дамудың жаһандық трендтері: шындықтар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Профессор Г.Жамбатырова және профессор Ж.Ибрашев атындағы дәрісханалар қайтадан жабдықталып, жаңартылды. Университет мерейтойымен қатар келген профессор Қ.Шәкіровтің 70 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі кезеңде халықаралық қатынастарды, халықаралық құқықты және әлемдік экономиканы дамытудың проблемалық мәселелері: ықтимал шешімдерді іздеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Қара шаңырақ университетіміздің 90 жылдығы аясындағы іс-шаралар одан әрі жалғасуда.

Лаура ТӘНІРБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Соңы. Басы 1-бетте

Заманауи зертханалар тек жаңа білім көкжиектерін ашып қана қоймай, сонымен қатар әзірлемелердің практикалық жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Қазақстанның ғылыми мекемелері базасында жұмыс істейтін жетекші зертханалардың химияны, технологияларды және қоршаған ортаны қорғауды дамытуға қосатын үлесін атап өтейік.

1. Аналитикалық химия және қоршаған орта зертханасы. Бұл зертхананың негізгі міндеті – қоршаған ортаны ластаушы заттарды талдау



Ғылым болашағына инвестиция

әдістерін әзірлеу және олардың өсерін зерттеу. Ғалымдар жаңа әдістерді әзірлеп, олардың валидациясымен айналысады, сондай-ақ су, ауа және топырақты талдау бойынша эксперименттер жүргізеді. Алынған мәліметтер ластану көздерін анықтауға және оларды азайту стратегияларын әзірлеуге көмектеседі. Зертхана мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысады және құны 105 млн теңге болатын жабдықтармен қамтылды.

2. Электрохимиялық өндіріс технологиялары зертханасы. Бұл зертхана литий-ионды аккумуляторлар, суперконденсаторлар және жаңа қаптамалар сияқты электрохимиялық процестерге арналған материалдар мен технологияларды жасауға маманданған. Мұнда электродтық процестерді іргелі зерттеулер жүргізіліп, инновациялық материалдар синтезделеді. Құны 454 млн теңге болатын жабдықтардың көмегімен зертхана энергетика мен металлургия салаларына айтарлықтай үлес қосады.



3. Мұнай химиясы зертханасы. Мұнайды қайта өңдеу саласын зерттеуге бағытталған бұл зертхана мұнай негізіндегі тауарлық өнімдерді алу технологияларын әзірлейді. Студенттер мен магистранттарды оқытуға ерекше көңіл бөлінеді. Жабдықтардың салыстырмалы түрде төмен құнына (25 млн теңге) қарамастан, зертхана мамандарды даярлау мен қолданбалы зерттеулер жүргізуде маңызды рөл атқарады.

4. Химия-медициналық зертхана. Медициналық химия – бұл зертхананың басым бағыттарының бірі. Мұнда

экологиялық таза антибактериалды қаптамалар мен биокөмештік материалдар жасалады. Зерттеушілер медициналық құралдарды импорттық баламалармен алмастыратын технологияларды әзірлейді. Бұл елдің осы саладағы тәуелсіздігін арттыруға ықпал етеді. Жабдықтардың құны 42 млн теңгені құрайды.

5. Органикалық синтез зертханасы. Бұл зертхана биологиялық белсенділігі бар жаңа органикалық қосылыстарды синтездеу және зерттеумен айналысады. Мұнда фармацевтика мен медицинаға арналған болашағы зор препараттар жасалады. Зертханада синтез әдістерін әзірлеу, құрылымдық талдау жүргізіледі және қосылыстардың биологиялық белсенділігі тексеріледі. Қаржыландыру деңгейі көмек арқылы жүзеге асырылады, ал жабдықтардың құны 10 млн теңгені құрайды.

люминесценттік материалдарды жасауға және зерттеуге бағытталған. Сондай-ақ функционалдық полимерлер мен өсімдік концентраттарын зерттеумен айналысады. Зертхана 110 млн теңгелік жабдықтармен қамтамасыз етілген.

8. Жоғары дәлдіктегі материалдарды диагностикалау зертханасы. «AlemTrade» ЖШС-мен бірлесе отырып жұмыс істейтін зертхана материалдардың химиялық және физикалық талдауын жүргізеді. Негізгі назар магистранттар, докторанттар және ғалымдардың зерттеулерін қолдауға аударылады. Жабдықтарға салынған инвестиция көлемі – 200 млн теңге. Бұл жоғары сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

9. «Химиялық қаптамалардың инновациялары» ғылыми-өндірістік орталығы. Орталық ерекше қасиеттері бар қаптамаларды жасау және қолдану бойынша маманданған. Бұларға тозуға төзімділік, ыстыққа төзімділік және магниттік сипаттамалары бар қаптамалар кіреді. Мұнда технологиялар машина жасау, аспап жасау және құрылыс салаларында қолданыс табады. Жабдықтардың құны 40 млн теңгені құрайды.

Сонымен аталған зертханалардың әрқайсысы ғылымды, өнеркәсіпті және денсаулық сақтауды дамытуда маңызды міндеттерді орындайды. Олардың қызметі аналитикалық химия мен электрохимиялық процестерден бастап, медицина мен нанотехнологияларға дейінгі бағыттарды қамтиды. Теориялық зерттеулер мен практикалық шешімдердің синергиясы Қазақстанның дамуына маңызды рөл атқаратын жаңа технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді деп үміттенеміз.

Алина ГАЛЕЕВА,
химия және химиялық технология факультетінің деканы

Ләйла КҮДРЕЕВА,
декан орынбасары

Даму жолындағы жетістік



Соңы. Басы 1-бетте

Биыл дәрілік қалыптар технологиясы бойынша препараттар жасауға эндаумент қорынан 300 мың теңге және химиялық реагенттер сатып алуға 200 мың теңгеге қосымша заттар алынды.

Факультеттегі «Оқу дәріханасы» болашақ фармацевтерді даярлаудағы маңызды тізбек. Бұл кабинет студенттерге дәріханалардың нақты жұмысына барынша жақын жағдайларда құнды дағдыларды алуға мүмкіндік беретін практикалық оқыту алаңы ретінде қызмет етеді. «Оқу дәріханасында» студенттер фармацевтикалық технология, фармацияны ұйымдастыру және экономика, фармакогнозия және дәріхана ісінің негіздері сияқты пәндерді оқиды. Дәрілік заттарды сақтау, препараттарды есепке алу және фармацевтикалық құжаттармен жұмыс істеу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Медицина және денсаулық сақтау факультетінде орналасқан химия-токсикология зертханасы – «Фармация» мамандығы бойынша барлық деңгейдегі білім алатын студенттер үшін маңызды оқу базасы. Онда әрқилы талдау түрлерін жүргізу үшін қажетті ең заманауи зертханалық жабдықтар және құралдар орнатылған. Зертхана 15-20 студентке арналған. Бұл әр студентке назар аудару отырып, шағын топтарда сабақ өткізуге мүмкіндік береді. Факультет базасында орналасқан клиникалық симуляциялық орталықты әрі қарай толық жабдықтау жұмыстары жалғасуда.

ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы аясында бірқатар келісімдерге қол жеткізілді. Атап айтқанда ҚазҰУ медицина және денсаулық сақтау факультетінің базасында Шыңжаң екінші мемлекеттік ауруханасымен бірлескен клиникалық симуляциялық орталық ашылды.

Меморандум аясында Шыңжаң екінші мемлекеттік ауруханасы қажетті қондырғылар мен құрылғыларды ұсынады. Бұл орталық өз кезегінде оқытушылар мен студенттердің

білімін жетілдіруге, білікті мамандар даярлауға ықпал етеді.

ҚР Президенті жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясы, ҚазҰУ және Шэньчжэнь университеті арасында ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім қарастырылып жатыр. Келісім аясында ҚазҰУ базасында үш ғылыми зертхана ашу жоспарланған. Келісімнің мақсаты – тараптардың тиімді дамуы мен ғылыми қызметтің тиімділігін арттыруға, оны ҚР және ҚХР мемлекетінің, экономикасының және қоғамының сұранысына ие болуға ықпал ету үшін жемісті ынтымақтастықты ұйымдастыру.



Қазіргі уақытта Шэньчжэнь университетімен бірлесіп докторантура деңгейінде «Basic medical science» қосдипломдық инновациялық бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламада тек қазақстандық студенттер ғана емес, сонымен қатар шетелдік студенттер де білім алады.

Биылғы тағы бір басты жаңалығымыз – 56 миллион теңгеге университет қаражатына қойылған 10 стоматологиялық қондырғы. Мұнан өзге, Стоматология кафедрасының профессоры Мақсұт Темірбаев пен аға оқытушы Луиза Төлепбергенова университетіміздің 90 жылдық мерейтойына орай, кафедраның оқу-әдістемелік базасын нығайту үшін екі стоматологиялық қондырғы сыйға тартты.

2024 жылдың сәуір айында «Эрасмус» жобаларының нәтижесінде профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми

кадрлардың, бакалавриат, магистратура және докторантура студенттерінің академиялық ұтқырлығы, бірлескен білім беру бағдарламаларын, жарияланымдар мен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру саласында өзара тиімді әріптестікті дамыту мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Назарбаев университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Таяуда «Эрасмус» әріптестерінің кездесуі кезінде ҚазҰУ және Грекияның Батыс Аттика университеті (University of West Attica) арасында магистратура деңгейінде «Денсаулық сақтаудағы көшбасшылық және менеджмент» қосдипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша келісімге қол қойылды.

Факультет ғалымдары 2024 жылы Scopus журналдарында 87 ғылыми мақала жариялап үлгерді. 600 млн теңгеден астам сомаға Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде 7 ғылыми жоба, «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру шеңберінде 3 жоба, 4 халықаралық жоба орындауда.

Аталған ғылыми жобалар есебінен тек осы жылы 11 млн 556 мың теңгеге оргтехника және медициналық жабдықтар сатып алынды. Сондай-ақ «AMBOSS», «Lecturio», «UpToDate» білім беру платформасы-

на және Proprofs тестілеу платформасына эндаумент фонд және демеушілер есебінен 2290 АҚШ доллары жұмсалды.

Биыл, яғни 2024 жылы бакалавриат деңгейіне 700 студент қабылданды. Жыл сайынғы дәстүр бойынша 1-курс студенттеріне арналған «White Coat Ceremony» іс-шарасы ұйымдастырылып, студенттерге ақ халат табысталды.

Сонымен медицина және денсаулық сақтау факультеті биыл барлық оқу ғимараттарында және жатақханада жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оқу аудиториялары, зертханалар, фойе, дәліздердегі стендтер жаңартылды.

Сүндетғали ҚАЛМАХАНОВ,
медицина ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы

Биология және биотехнология факультетінде ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған бірнеше шара жүзеге асырылды. Фараби ғылыми кітапханасында Scopus библиографиялық деректер базасында индекстелетін «Биология ғылымдарының тұрақты дамуындағы заманауи тенденциялар» атты халықаралық ғылыми форум өтті.

Бірегей зертханалар жұмысын бастайды



Бірінші рет 15 елден 28 ғалым келді. Жалпы, 104 мекемеден 200-дей ғалым (онлайн) қатысты. Биыл факультет ғалымдары Scopus Web of Science базаларында индекстелген жоғары дәрежелі ғылыми журналдарда 200-ге жуық мақала жариялады. Биология – жаратылыстану ғылымы, яғни материалдар мен нысандарды зерттеу үшін арнайы зертханалар мен аудиториялар заман талабына сай болуы керек. Жаңа оқу жылының басталуымен қатар, Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасында Махамбет Жұмалиев атындағы оқу аудиториясы ашылды.

Биотехнология кафедрасының демеушілігімен микробиологтар мен вирусологтар үшін қазіргі заманғы коворкинг-орталықтарға айналған екі фойе жаңартылды. Фойелер студенттерге арналған, оларға ғылыми идеяларын талқылауға, жаңалықтармен бөлісетін орталық орын болды. Сондай-ақ кафедра демеушілері екі жаңа зертхананы жөндеуді қаржыландырды. Қазір кафедра сканерлеуші электронды микроскопия (СЭМ) және өнеркәсіптік биотехнология зертханаларын ашуға дайындалуда. Жақында бұл бірегей зертханалар жұмысын бастайды.

Биотехнология кафедрасы



үшін ең маңызды оқиғалардың бірі – жаңа халықаралық қытай-неміс-қазақстандық қолданбалы микробиология зертханасының ашылуы. Бұл бірегей ынтымақтастық микробиология мен биотехнологиядағы өзекті мәселелерді шешуге үш ел ғалымдары күш-жігерін біріктірді. Жаңа зертхана келешекте тәжірибе алмасу, бірлескен жобаларды іске асыру және халықаралық деңгейдегі жоғары білікті ма-

мандарды даярлау алаңына айналады.

Биологияның ең маңызды салаларының бірі – генетика бойынша Молекулалық биология және генетика кафедрасының 85 жылдығы мен университеттің 90 жылдығына арналған «Генетика: тарихы, бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде генетика мен молекулалық биологияның тарихы, қазіргі жетістіктері мен даму перспективалары, сондай-ақ осы саладағы заманауи жетістіктер мен олардың қолдану мүмкіндіктері талқыланды.

Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының құрылғанына 50 жыл толуына орай, кафедраның негізін қалаушы, ғалым, профессор В.М.Инюшин атындағы Биофизика зертханасы ашылды. Сондай-ақ осы кафедраның меңгерушісі, профессор Альмира Құстыбаеваның басшылығымен ҚазҰУ когнитивтік нейроғылым орталығы Ми институты болып қайта құрылды, бұл Қазақстанда нейроғылымның дамуы үшін жаңа, кең перспективалар ашты. Қазақстанда алғаш рет аталған орталықта миға іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізілетін болады.

Осы жылы факультетте



«Биология», «Геоботаника», «Нейроғылым», «Биомедицина», «Вирусология» мамандықтары бойынша төрт диссертациялық кеңес ашылды. Бұл Қазақстандағы биология ғылымдарының дамуына қосымша серпін берді.

Дамира ЮСАЕВА,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к.

Сот сараптамасы магистрлерін даярлаған ЖАЛҒЫЗ ОҚУ ОРНЫ



Заң факультеті қара шаңырақ ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойына үлкен жетістіктермен келді. Отандық ғылым мен білімнің дамуына, еліміздің заң саласына кәсіби мамандар даярлауда факультеттің оқытушы-профессорлық құрамының еңбегі зор.

ҚазҰУ-дың Ф.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінде филиалының ашылуы – Қазақстан мен Ресей арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайтудағы маңызды қадам. Ресей Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға жасаған сапары аясында ашылған филиалда «Кеден ісі» мамандығы бойынша бакалавриат және магистратура деңгейінде мамандар даярлау көзделген. Іс-шараның маңызды бөлігі Ш.Уәлиханов атындағы Кеден ісі кабинетінің ашылуы болды. Кабинет студенттердің теориялық және практикалық білімін жетілдіруге арналған. Заң факультеті Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы осы кабинетке қажетті стендтерді дайындап, студенттерге қолжетімді білім беру материалдарымен қамтамасыз етті.

Заң факультетіндегі «Сот сараптама орталығы» криминалистикалық сараптамалар, атап айтқанда: құжаттар сараптамасы, трасологиялық, баллистикалық сараптама, заттар мен материалдардың химиялық сараптамасы, компьютерлік, экономикалық, тауартану, молекулалық-генетикалық, дінтану сараптамасы сияқты сараптамалық мамандықтардың бірқатар бағыттары бойынша арнайы зерттеулер және сот сараптамаларын жүргізумен айналысады. Оған орталықтың әлеуеті толық жетеді. Заманауи зертханаларға жаңа жабдықтар қойылды. Ең бастысы, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Лондон Корольдік колледжінде, Ыстамбұлдағы Еуразиялық сот медицинасы және сараптама академиясында біліктілігін арттырған орталықтың лицензияланған мамандары мен қызметкерлері бар.

Сараптама қызметін әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету – орталық қызметінің маңызды бағыты. Біздің қызметкерлер Әділет министрлігінің



Сараптама орталығымен бірлесіп отырып, сот сараптамасының бірқатар әдістемелерін әзірлеуге қатысты.

Айта кетейік, ҚазҰУ 2010 жылы бірінші болып «Сот сараптамасы» мамандығы бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензия алды және «Сот сараптамасы» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді дайындаған жалғыз жоғары оқу орны болды. 2022 жылы бағдарлама халықаралық аккредиттеуден өтті. Осы жылдар ішінде 150-ден астам магистр, оның ішінде геномдық-молекулалық сараптама, компьютерлік және өзге де сұранысқа ие жаңа сараптама түрлері бойынша мамандар даярланды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі жетекші білім ордасы ретінде Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) жүзеге асыруға белсенді атсалысып келеді. Соның ішінде ТДМ-ның 11-ші бағыты – қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету – университеттің күн тәртібіндегі маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағытта университеттің заң факультеті студенттер үшін жаңарту жұмыстарын табысты жүзеге асырды. Мәселен, факультеттің №18 студенттер үйінің бірінші және жетінші қабаттарындағы холл, дәліз, екі оқу залы және екі ас бөлмесін жаңартты.

Саида ЕРҒАШҚЫЗЫ,
заң факультеті деканының
орынбасары

Филология факультетінің ұжымы әлемнің Екінші ұстазының есімін иеленген қара шаңырақ мерейтойына «Табысқа толы 90 жыл» атты 10 кітаптан тұратын мерейтойлық кітаптар топтамасын тарту етті.

«Филология факультеті – сөз өнерінің алтын бесігі» атты ұжымдық еңбекте факультет тарихы, филологиялық ғылыми мектептер, факультеттің білімі мен ғылымын дамытуға үлес қосқан оқытушы-профессорлар мен зерттеуші-ғалымдар, факультеттің зерттеу арналары мен ғылыми бағыттары қамтылды.

«Филология факультетінің түлектері: ақындар мен жазушылар» атты әңбек екі томнан тұрады. Ұлт әдебиетіне, мәдениетіне, руханиятына өлшеусіз үлес қосқан, филология факультетін тамамдаған ақын-жазушылар туралы тағылымды сөз қозғалады. Мерейтой қарсаңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры, ф.ғ.д., профессор Ж.Түймебаевтың «Проблема анлаутных губных согласных в алтайских языках» атты монографиясы екінші рет басылып, көпшілікке ұсынылды. Танымал ғалымдар – ф.ғ.д., профессор С.Аманжолтың «Опыт изучения тюркских языков» атты монографиясы мен ф.ғ.д., профессор Б.Сағындықұлының «Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» атты монографиясы екінші рет қайта жарияланды. Топтама құрамына факультет деканы, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Б.Жолдасбекова, ф.ғ.к., доцент Ж.Баянбаева, ф.ғ.к., доцент Э.Какильбаева, PhD, аға оқытушы Қ.Тәттімбетовалардың авторлық бірлестігімен жарық көрген «Антология русскоязычной литературы Казахстана» атты



Тартуымыз – кітаптар топтамасы

еign languages in the Kazakhstani contemporary educational paradigm» атты ұжымдық монографиясы толықтырды. Мерейтойлық кітаптар топтамасы әлемдегі ең ірі кітапханалардың бірі – Анкара кітапханасының қорына арнайы тапсырылды.

Мерейтой қарсаңында Ресейдің Ф.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің базасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалы ашылды. Филиал құрамындағы Абай атындағы қазақ тілі кабинетінің ашылуы факультет ұжымы зор қуанышпен қабылдады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қанатын кеңге жайып, қазақ тілін университет деңгейінде ғана емес, әлемдік деңгейде оқытып, ұлттық құндылықтарымызды қазақ тілінде насихаттап келеді. Қазақстан

млн теңге көлемінде көмек көрсетіліп, техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Факультет құрамындағы «Флагман» және «Глосса» көпфункционалды білім беру орталықтары да жыл сайын 100 млн теңге көлемінде кіріс кіргізіп, шетелдік студенттерді оқытудың озық үлгісін паш етуде.

Филология факультеті жастардың қоғам өмірінде белсенді болуына мүмкіндік жасап келеді. Торқалы той қарсаңында факультет іші заманауи үлгімен жасақталды. Факультетке қарасты №17 студенттер үйінің оқу залдары жаңа үлгіде безендіріліп, кітап сөрелері кітаптармен толықты.

Мерейтой қарсаңында факультетіміздің оқытушы-профессорлар құрамы мен үздік қызметкерлері «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін», ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» алтын және күміс медальдарымен, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін», «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілерімен, ҚР ғылым және жоғары білім министрінің «Құрмет грамотасымен», алғыс хаттарымен марапатталды.

Тамыры терең ғылым ордасы келешекте халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді, әлемнің түкпір-түкпірінен үздік мамандарды ғылыми-білім беру қызметіне тартуды, оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерін енгізуді жоспарлап, университеттің инфрақұрылымын дамыту, жаңа оқу ғимараттарын, жатақханалар мен спорт нысандарын құруды маңызды міндет санап отыр. Келешегінен зор үміт күтетін ғылым ордасының әлі де талай биік белестерді бағындыратынына сеніміміз мол.

Баян ЖОЛДАСБЕКОВА,
филология факультетінің
деканы, ф.ғ.д., профессор,
ҚР ҰҒА академигі

Жайна САТКЕНОВА,
доцент



монографиясы мен Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Р.Авакованың «Фразеосемантика» атты монографиялары енді. Топтама құрамын ф.ғ.д., профессор Э.Сүлейменова, ф.ғ.д., профессор А.Алдаш, аға оқытушылар Д.Ақанова, К.Алдашевалардың авторлық бірлестігімен жазылған «Ресми-іскері тіл: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі», Шет тілдері кафедрасы оқытушы-профессор құрамымен дайындалған «Teaching for

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путиннің келіссөздерінің нәтижесінде жүзеге асқан бұл қадам екі елдің білім-ғылым әлеуетін дамытып, білікті маман даярлаумен қатар, екі ел арасындағы ғылым және жоғары білім саласындағы ынтымақтастықты нығайта түсетіні сөзсіз.

Факультет ұжымы университет мерейтойы қарсаңында 10 ғылыми жоба ұтып, гуманитарлық ғылымның дамуына айтарлықтай үлесін қосып келеді. Жобалар аясында 50

ШЫҒЫСТЫ ТАНУДЫҢ ШЫҢЫ

Биыл университеттің 90 жылдығымен қатар, шығыстану факультетінің құрылғанына 35 жыл толды. Сондай-ақ арабтану бөліміне – 40, корейтану бөліміне – 30, үндітану бөліміне 25 жыл толып отыр. Осы орайда, аталған атаулы мерекелерді факультет жоғары деңгейде атап өтті. Іс-шаралардың барлығына ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, оқу ордасының проректорлары қатысты.



Маусымда екі шара ұйымдастырылды – шығыстанушы ғалым, филология ғылымының кандидаты, арабтанушы, қауымдастырылған профессор А.Ахметбекованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Ортағасырлық жазба мұраларды зерттеу» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы және жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Корея Республикасының Халықаралық Korea Foundation қорының

жірибесі және ғылыми мұрасын насихаттау барысында І «Дербісәлі оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Сондай-ақ профессор, шығыстанушы, тарихшы Нұржамал Алдабектің мерейтойына арналған «Шығыс елдері дамуының прагматикалық тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми конференцияда ғалым кітаптары нұсқаларының салтанатты таныстырылымы өтті.

Сонымен қатар университетіміздің 90 жылдығы аясында факультетімізде парсы әдебиетінің белді өкілдерінің бірі, ұлы ақын Сағди Ширазидің өдеби кеші, Пәкістанның ұлы ақыны, дана ойшылы, XX ғасырдағы ислам модернизмінің көрнекті өкілі Аллама Мухаммад Иқбалдың құрметіне орай, «Иқбал оқулары» атты поэзия кеші ұйымдастырылды. Парсы тілі мамандарының «Парсы-қазақ фразеологиялық сөздігі» кітабының тұсаукесері өтті.

Шығысты танудың шыңына айналған шығыстану факультетінің түлектері қазіргі таңда еліміздің түрлі оқу орындарында, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, Сыртқы істер министрлігінде, түрлі мемлекеттік қызметтерде, шетелдік компанияларда та-

қолдауымен «Жасанды интеллект дәуіріндегі Орталық Азиядағы корейтанудың рөлі мен болашағы» атты XII Орталық Азиялық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.

Қыркүйек айында Оңтүстік Кореяның Кёнсанбук-до про-



винциясының «K-Chang» І халықаралық ашық кітапханасының филиалы ашылды. Шараға Кёнсанбук-до провинциясының губернаторы Ли Чол У мен сол елдің өкілдері қатысты.

Қараша айында да екі атаулы шара өткізілді. Академик Әбсаттар Дербісәлінің мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі қызметі, тәуелсіз Қазақ еліне ғалым, оқытушы, дипломат шығыстанушы мамандар даярлаудағы іс-тә-

бысты қызметтер атқаруда. ҚазҰУ – осы оқу орнын бітірген әрбір түлектің мақтанышы. Шығыстану факультеті өзінің жеңісті дәйеместі сара жолын әрі қарай жалғастырып, еліміздің дамып, өркендеуіне керекті шығыстанушы кадр-мамандарды үздіксіз даярлай береді.

Шынар ЕРЛАНҚЫЗЫ,
шығыстану факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Қазақ журналистикасының ғылыми мектептері факультеттің іргелі әлеуетін тек елімізге ғана емес, әлемге таныту жолында қызмет атқарып келеді. Бұл сабақтастық бүгінгі күнге дейін жалғасып, өз қатарын жоғары білікті мамандармен толықтыру үстінде.

Зерттеу орталықтары жас ғалымдарға қызмет етеді



Биыл да сол дәстүрді бұзбай, қазақ журналистикасына өз қолтаңбасын қалдырған еліміздің атақты практик мамандары Серік Жанболат, Серік Әбікенұлы, Нұржан Жалауқызы сынды аға буын дәріс оқуға келді. Биылғы оқу жылының өзінде факультетімізде кафедра меңгерушілерінің ұйымдастыруымен 72 шеберлік сағаты өтті. Сонымен қатар, біздің бағымызға орай, биыл көптен күткен арманымыздың бірі, журналистика факультетінде өз алдына бөлек диссертациялық кеңес ашылды. Ғылым қуған жастар алдын ала қорғаудан өтуді бастап та кетті. Бұл – факультеттің атап өтетін ең ірі жетістіктерінің бірі.

Тағы бір жетістігіміз – факультеттің ғылыми орталықтары. «Медиасфера» гуманитарлық зерттеулер ғылыми орталығы. Орталық қызметкерлері ҚазҰУ журналистика факультетінің БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын, ЮНЕСКО-ның коммуникация, БАҚ және ақпараттық сауаттылықты дамытудың бірлескен жоспары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді. ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросы мен ҚР БҰҰ Ақпараттық бюросымен бірлесіп «Деректер журналистикасына журналистикада тиімді қолдану бойынша Орталық Азия университеттерінде оқу бағдарламаларын енгізу» тақырыбында зерттеулер жүргізуде. Екіншісі – ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация орталығы. Ашықтық, прагматизм, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық бірегейлікті сақтау принциптерін іске асыру жағдайында қоғамда БАҚ пен ақпараттық сауаттылықты дамытудың құралдарын талдау және жалпылау.

Мультимедиалық қолдаудың барлық спектрін қолдана отырып, медиа білім беру бойынша инновациялық оқу материалдары әзірленді. Медиа мен ақпараттық сауаттылық материалдары қашықтан оқыту үшін дайындалды. ҚР Ғылым

және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын белсенді ғылыми жобалар факультетіміздің ғылыми әлеуетін ілгері дамытуда.

Жақында факультетімізде «TURKSOY» медиа білім беру және зерттеу орталығы ашылды. Орталықта БАҚ саласындағы қилы түйткілді мәселелер зерттеліп, түрлі сараптама жасалады. Түркі әлемінің медиа өкілдерін жұмылдыратын орталықта ғылыми-практикалық деңгелек үстел, конференция, баспасөз мәслихаты, ғылыми-әдістемелік мәжіліс сияқты түрлі іс-шара ұйымдастырылады.

Баспагерлік, редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасында студенттердің біліктілігін арттыру мақсатында кафедралық екі филиалы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасында және ҚР Кітап палатасында ашылды. Студенттеріміз мамандық бойынша теориямен университет қабырғасында сусындаса, тәжірибені сол филиалдарда жинақтайды. Шәкірттердің ғылыми-шығармашылық бағыттағы енді бір сәтті жолы – олардың өз туындыларын жеке кітап, ұжымдық жинақ түрінде бастырып шығару. Бұл шығармашылық әдіс кафедраларда ойдағыдай жүзеге асуда. Атап айтқанда оқу жылының соңында әр курс студенттері өз жинақтарын топтастырып, бастырып шығаруда. Соңғы бесжылдықта студенттердің қолданысына заманауи технологиялармен жабдықталған Ә.Ыдырысов, Ш.Мұртаза, З.Сәнік, К.Тоқаев, Ж.Кенжалин атындағы дәрісханалар ашылды. Бұл дәрісханалар мен зерттеу орталықтары студенттер мен жас ғалымдардың жобаларын жоғары деңгейде іске асыруына зор үлесін қосып отыр.

Иманбай ЖҰБАЙ,
Қазақстанның құрметті журналисі, журналистика факультетінің оқытушысы

Инфрақұрылым жаңғырды



Қазақстан мен Орталық Азиядағы жоғары білім беру көшбасшысы саналатын университет ғылым, білім және инновация орталығы ретінде мәртебесін бірнеше рет дәлелдеді. Бұл процесте ерекше орын алатын физика-техникалық факультеті өз ісін бастаған уақыттан бері еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Ең маңызды ғылыми және білім беру орталығы, сондай-ақ елдің дамуындағы қуатты қозғаушы күшке айналды.

Физика-техникалық факультеті негізгі ғылыми бағыттарды дамытумен ғана шектелмей, инновациялық жобаларға да қатысуда. Соңғы жылдары факультет жалпы сомасы 2 млрд 252 млн теңге болатын 31-ден астам ғылыми зерттеу грантты жеңіп алды. Факультет ғалымдарының ғаламдық ғылымға қосқан үлесі Scopus және Web of Science мәліметтер базасында индекстелетін жоғары рейтингті журналдардағы 150-ден астам мақаламен дәлелденген.

Ғылыми мектептерді дамытуға және студенттерді зерттеу жұмыстарына тартуға ерекше назар аударылады. Мысалы, профессор Т.Рамазановтың Президент жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайлануы және профессорлар Медеу Әбішев пен Қарлығаш Жұмағұлованың ҚР ҰҒА академигі болып сайлануы – университет пен еліміздің ғылыми қауымдастығы үшін маңызды оқиға. Алмасбек Өтегенов, Ерұлан Сағидолда, Юрий Максимов және осы жолдардың авторы сынды профессорлар мен доценттер «Үздік университет оқытушысы» атағына ие болды. Біздің өріптесіміз М.Досболаев «Импульстік плазма ағынының әсерінен термоядролық реакторларға үміткер материалдардың бетіндегі жарықтар мен әртүрлі ақаулардың пайда болуы мен таралуын зерттеу» атты ғылыми еңбегі үшін 2024 жылы Азия-Тынық мұхиты физикалық қоғамының (AAPPS-DPP Prize 2024) беделді сыйлығын жеңіп алды.

Факультет ұжымы университетіміздің 90 жылдық мерейтойына арналған «Әлем таныған білім ордасы: физика-техникалық факультеті» атты кітап шығарды. Бұл еңбекте 1934-2024 жылдар аралығындағы университет, әсіресе факультеттің тарихи жетістіктері айшықталып, Қазақстан ғылымына айрықша үлес қосқан профессор-оқытушылар мен көрнекті ғалымдардың еңбектері туралы мәліметтер қамтылды. Сонымен қатар жекеле-



ген кафедралар мен ғылыми топтардың жүргізіп жатқан ғылыми бағыттары, жобалары мен негізгі зерттеу мақалалары жан-жақты баяндалған.

Мерейтойлық жыл факультет инфрақұрылымының белсенді өзгерістері мен жаңғыртуларының кезеңі болды. Оқу ордасын жақсарту жобасы аясында зертханалар мен аудиториялар жаңартылды, заманауи жабдықтармен жабдықталған коворкинг-орталықтар құрылды және ғылыми кабинеттер жаңғыртылды. Оқу ғимаратының үшінші қабатында студенттердің коворкинг-орталықтары мен арнайы зертханалар жаңартылды. Төртінші қабатта релятивистік астрофизика және жалпы салыстырмалылық теориясындағы денелердің қозғалысы мәселелері бойынша ерекше зертханалар, сондай-ақ Әбділдин кітапханасы мен мұражайы орналасқан. Бесінші қабатта астрофизика бойынша деректер орталығы және оқу кабинеті құрылды. Екінші қабатта ғылыми зертханалар мен практикалық сабақтар кабинеттері орналасқан.

Факультет инфрақұрылымын жаңғырту эндаумент-қорының 40 млн теңге көлеміндегі қаражаты негізінде жүзеге асты. Бұл өзгерістер тек оқу процесінің сапасын арттырып қана қоймай, ғылыми зерттеулер үшін инновациялық атмосфера қалыптастыруға ықпал етеді.

Факультет ұжымы биылғы қаңтардан қарашаға дейін БҰҰ-ның 17 Тұрақты даму мақсаттары бойынша 166 шара, сондай-ақ әлеуметтік прогреске және экологиялық жауапкершілікке ықпал ететін басқа да маңызды бастамаларды өткізді.

Нұрзада БЕЙСЕН,
физика-техникалық факультетінің деканы

Биыл қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы саналатын университетіміздің тарихи белесін атап өтудеміз. 90 жыл бойы білім ордасы елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға, ғылым мен білімнің дамуына айрықша үлес қосып келеді. Университетте ғылыми-зерттеу жұмыстары негізгі басымдыққа ие. ҚазҰУ ғалымдары түрлі салаларда маңызды зерттеулер жүргізіп, халықаралық журналдарда мақалалар жариялайды, патенттер алады. Осының айғағы ретінде география және табиғатты пайдалану факультетінде атқарылып жатқан біршама жұмыстармен таныстырып өтейік.

Заманауи зертханалар іске қосылды

Факультет халықаралық білім беру саласында белсенділік танытып, бірнеше қос-дипломды бағдарламаны іске асыруда. Мәселен, География («Энергоресурстар дипломатиясы» бағдарламасы, УрФУ), Экология және табиғатты пайдалану (БелМУ), Туризм (РХДУ), Туризм (БелМУ); Қонақүй және мейрамхана бизнесін басқару (БелМУ) бағдарламаларын атап өтуге болады. Сонымен қатар факультет бірлескен бағдарламаларды да жүзеге асыруда.

Биыл факультет ғалымдары бірнеше маңызды ғылыми-зерттеу жобаларын іске асырды. Атап өтсек, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы (жас ғалымдарға арналған); «Алматы қаласындағы PM2.5 концентрациясына метеорологиялық факторлардың әсерін зерттеу, WRF-CHIMERE моделін пайдалана отырып ауа ластануының тасымалын талдау» – 9 987 656 теңге (жетекші – М.Тұрсынбаева); «Қазақстанның батыс өңіріндегі климаттық апаттар (құрғақшылық және эрозия) тәуекелдерін геопространство-



PhD, қауымдастырылған профессор), 2023-25 жж.

Факультет ғалымдары халықаралық гранттар мен бағдарламаларға да қатысып, Erasmus+ + CBHE Strand1 LESLIE жобасы және ПРООН жобасы аясында халықаралық қорлар мен ұйымдардың гранттарын жеңіп алды. Фа-

жаты есебінен факультетте бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды. Е.Жамалбеков, Г.Гельдыева, Л.Веселова атындағы аудиториялар ашылып, студенттер үйінде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ ТДМ аллеясының ашылуы және коворкинг орталығының құрылуын атап өтсек болады. Айта кететін тағы бір жетістік – ғылыми-зерттеу жұмыстарының ГФ/ПЦФ аясында төрт



патент алынды. Факультетте Тұрақты даму және табиғатты тиімді пайдалану ғылыми орталығы ашылды. Оның құрамында 10 заманауи зертхана жұмыс істейді. Сонымен қатар Қазақстан – Қытай бірлескен «Жерді қашықтықтан зондау технологиялары және қолданбалары» зертханасы іске қосылды. Гонконг политехникалық университетімен бірлесіп Орталық Азияда Тұрақты даму орталығы құрылды. Бұл жоба алдағы үш жылда 255 миллион теңге көлемінде қаржыландырылатын болады.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығы қарсаңында география және табиғатты пайдалану факультеті университеттің дамуына елеулі үлес қосып, ғылыми және академиялық салада жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Факультет ұжымы алдағы уақытта да білім беру мен ғылымды дамытуға өз үлесін қоса бермек.

Әлия САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ,
г.ғ.к., доцент, география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы



лық бағалау және олардың ауыл шаруашылығына әсері», (А.Тоқбергенова, г.ғ.к., доцент); «Қазақстан Республикасы ірі қалаларының тұрақты дамуының кешенді географиялық бағалануы», (Г.Нүсіпова, г.ғ.д., профессор).

«Климаттың өзгеруі жағдайында ДЗЗ мәліметтерін пайдалана отырып, Мойынқұм құмды массивінің жайылымдық жерлерін мониторингілеу және басқару», (С.Бисенбаева, PhD, аға оқытушы); «Тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Түркістан облысының суармалы жерлерінің деградация процесстерін бағалау», (А.Тоқбергенова, г.ғ.к., доцент), 2024-26 жж.; «Адаптивті-ландшафтық егіншілік жүйесін құру үшін Семей сынақ полигонының территориялық талдауы», (А.Асылбекова,

культет оқытушылары Scopus және Web of Science деректер базасында бірнеше ғылыми мақала жариялап, ғылыми қауымдастықта жоғары бағаға ие болды. Қазіргі таңда 7 білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестер жұмыс істейді. 2024/25 оқу жылында 9 докторант сәтті қорғап, ғылыми дәрежелерін алды.

Эндаумент қорының қара-



Тарих факультеті 75 жылдан астам уақыт бойы республикаға тарих, археология, этнология, архив ісі, құжаттану және кітапхана салаларында мамандарды даярлап келеді. Қазіргі таңда тарих факультетінде үш кафедра: Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану, Археология, этнология және музеология кафедрасы жұмыс істейді. Факультетте 115 оқытушы-профессор табысты еңбек етуде, оның ішінде 30 доктор, 46 ғылым кандидаты, 19 PhD доктор, 23 ғылым магистрлері бар.

Этнография музейі

Университеттің 90 жылдық мерейтойы аясында тарих факультетінде ауқымды шаралар жүзеге асырылды. ҚазҰУ-да ұзақ жылдар бойы табысты еңбек етіп, еліміздің білім, ғылым саласына айрықша үлес қосқан ғалымдардың мерейтойларына орай, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді. Сондай-ақ археолог, этнограф ғалым Ә.Төлеубаевтың «Қазақтардың дәстүрлі наным-сенімдері мен ырым-дық әдет-ғұрыптары (салт-жоралғылары)» және «Традиционные верования и суеверные обряды казахов» атты қазақ және орыс тілдеріндегі, Мимар Синан университетінің (Түркия) профессоры Ә.Қараның төрт тілде жарық көрген «Мұстафа Шоқайдың Кеңес Одағының түркі әлемі саясаты туралы», профессор Қ.Жұмағұловтың «Ғибратты ғұмыр» кітаптарының тұсаукесері өтті. Отан тарихы, археология, этнология және дүниежүзі тарихын зерттеуде жоғарыда аталған ғалымдардың сүбелі еңбектері, ғылыми мұралары болашақ ұрпақтың өмірлік темірқазығына айналғаны анық.

Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу – еліміз үшін ұлттық ба-

ашылды



жас архившілердің VII халықаралық жазғы мектебі, профессор Ә.Төлеубаевтың 70 жылдығына арналған «Алтай-Тарбағатай – ежелгі тарихымыздың алтын бесігі» атты археологтардың жазғы мектебі өткізілді. Жазғы мектептер жұмысына отандық және шетелдік спикерлер, практик мамандар, жалпы, 200-ден астам тыңдаушылар қатысты. Жазғы мектепті табысты аяқтаған қатысушылар өз саласындағы білімі мен тәжірибесін алмасып қана қоймай, кәсіби қабілеттерін де дамытуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар Археология, этнология және музеология кафедрасы «Отырар» мемлекеттік

сыр шертетін құнды археологиялық жәдігерлер таныстырылды.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы жанынан «Кітапханалық-ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған жаңа инновациялық кабинет «SUPERSTAR», «Beauty-Mebel», «IPR MEDIA» компаниялар тобының демеушілік және жоба жетекшісі, бас демеуші – университет оқытушысы Қ.Туенбаеваның қолдауымен ашылды. Инновациялық кабинет кітапханаларды цифрлық ортаға біріктіруге бағытталған жаңа жобалар алаңына айналды. Археология, этнология және музеология кафедрасы жанынан профессор У.Шалекеновтің туғанына 100 жыл толуына орай, «Этнография» музейі ашылды. Қазақстан тарихы кафедрасы жанынан ашылған Бекмаханов атындағы дәрісхана және «Алаштану» орталығы демеушілердің көмегімен жаңа жиһаздармен жабдықталды. Факультетте ашылған инновациялық кабинет, «Этнография» музейі, «Алаштану» орталығы болашақта студенттердің теориялық білімдерін іс жүзінде тәжірибемен ұштастыруымен қатар, үлкен оқу-әдістемелік орталығына айналатыны сөзсіз.

Нұрзипа АЛПЫСБАЕВА,
Дүниежүзі тарихы,
тарихнама және
деректану
кафедрасының доценті



сымдық. Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру мәселелері архив саласында да көрінісін табуда. Сонымен орай, 2024 жылдың 1-4 қазан аралығында ҚР Президентінің Архиві мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық архивтер кеңесінің (ICA), ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы Өңірлік кеңесінің қолдауымен «Мұра институттары қоғамды орнықты дамыту жолында» тақырыбында Қазақстан архившілерінің II халықаралық конгресін өткізді. Мерейтой аясында

археологиялық музей-қорығымен бірлесіп «Ұлы Жібек жолы және Отырар алқабының қалалық мәдениеті» атты жылжымалы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорының қолдауымен «Ғасырлар қойнауында» атты көрмелер ұйымдастырды. ҚазҰУ-дың 90 жылдығына орайластырылған көрмеде халқымыздың археологиялық, этнографиялық, рухани және мәдени мұрасымен және Алтын адам тарихынан

Толыққанды факультет ретіндегі тарихи кезең

Ғасырға жуық тарихы бар қасиетті қара шаңырақта көңіл қуанып, жүректі жұбантар көзайым жаңалықтар көп-ақ. Атқарылып жатқан игі істерден жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті де тыс қалған жоқ.

Факультетіміз алыс-жақын шетелдермен қатар, әлемдік дамыған мемлекеттер – АҚШ, Германия, Жапония, Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік Корея, Түркия, Ресей, Филиппин, Вьетнам сынды мемлекеттермен тығыз байланыс орнатып, шетелдіктерге және шетелде тұратын ұлты қазақ қандастарға (диаспора) қазақ және орыс тілдерін үйретіп, үлкен өмірге баулитын қасиетті мекен. Университетіміздің қоғамдық саясаты, әлеуметтік өміріне шетелдік студенттерді бейімдеп, тілімізді үйретіп, қазақ мәдениетімен таныстырар киелі мекен ретінде 90 жылдық мерейтой аясында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде ізгі істер атқарылып жатыр. Мерейтойлық шаралар қатарында бірнеше ғылыми іс-шара атап өтілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай, ғалым, тарихшы Төреғали Қаратаевтың туғанына 90 жыл



университетімен бірлескен «Шетелдік студенттерге тілді оқытудың мәселелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Сонымен қатар факультетіміз ағымдағы оқу жылында Харьков университеті (Украина) мен Қажы Байрам Вели университетімен (Түркия) бірлескен «Шет тілдерін оқытудағы классикалық және жаңа әдістер» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар өткізіп, оған Анкара, Баку университеттерінен, Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз университеті мен Ш.Шаяхметов атындағы Ұлттық ғылыми-практикалық орталықтарынан мамандар қатысып, тіл мәселесі, оқыту методикасы тәңірегінде пікір алмасты.

Сондай-ақ университетіміздің торқалы 90 жылдығына орай, «Табысқа толы 90 жыл. Жоғары оқу орнына дейінгі

Тоқсан жылдық аясында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті мемлекеттік ғылыми, ғылыми-техникалық гранттық жобаларға қатысу үшін жеті ғылыми жоба ұсынып отыр. Бұл жобалар білім беру, тіл оқыту саласындағы инновациялық әдістер мен технологияларды зерттеп-зерделеуге, ғылыми әлеуетті көтеруге бағытталған. Сонымен қатар студенттердің жайлы өмір сүруі мен жақсы оқуын қамтамасыз ету мақсатында №14 жатақхананың 3-қабаты факультетімізге беріліп, бөлмелер керек-жарақтармен қамтамасыз етілді. Атап айтқанда залға кілемшелер төселіп, жаңа перделер ілінді, қабырға стендтер заманауи үлгіде жаңартылып, толықтай жабдықталды.

Университетіміздің 90 жылдық тарихи мерейтойы барысында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті құрылымдық өзгеріске бет бұрды. Факультетіміз университеттің Директорлар кеңесінің шешімімен құрамындағы колледж бен бейіндік мектептен бөлініп, толыққанды факультет ретінде жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Факультетіміз шығыстану және халықаралық қатынастар факультеті орналасқан жаңа оқу ғимаратына көшіп, үздіксіз даму мен биік белестерді бағындыру жолында аянбай қызмет атқарып келеді.

Биыл жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті үшін табысты жыл болды. Ғасырға жуық тарихы бар білімнің қара шаңырағында білім алумен қатар, абыройлы қызмет атқару да әрбір ҚазҰУ-лықтың парызы деп білеміз.

Қанат КЕЛДБЕКОВ,
жоғары оқу орнына
дейінгі білім беру
факультеті деканының
орынбасары



толуына арналған «Қазіргі Қазақстандағы ұлттық бірегейлік: тарихи тамыры және қазіргі тенденциялар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ғалым-математик Жасұлан Садықовтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Цифрлық трансформация дәуіріндегі математиканың заманауи даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция және Украинаның Харьков ұлттық автомобиль-жол уни-

білім беру факультеті» атты факультетіміздің тарихы мен жетістіктерін баяндайтын мерейтойлық кітап шығарылды. Бұл кітапта факультетіміздің қалыптасу кезеңдері, білім беру бағдарламалары, ғылыми зерттеулер мен студенттердің жетістіктері туралы мәліметтер қамтылған. Аталған кітап факультетіміздің тарихын, міндеттері мен енегесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін мұра ретінде сақталары анық.

Болашақ бағдарымыз айқын



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейлі 90 жылдығымен тұспа-тұс келген Экономика және бизнес жоғары мектебінің 75 жылдық мерейтойы факультет ұжымына даму жолына көз жүгіртуге, бірегейлігін түсінуге, қол жеткен жетістіктерін таразылауға және болашаққа жаңа мүмкіндіктерді межелуге ой салары анық.

Қазіргі таңда жоғары мектепте 2000-нан астам білім алушы 34 білім беру бағдарламасы бойынша білім алып, кәсіби және жүйелі құзыреттіліктерді қалыптастыруда. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың жоғары сапасы мен тиімділігін жүзеге асыратын 200-ге жуық оқытушы-профессор табысты еңбек етуде.

ЭЖБЖМ университет ғылымының дамуына сүбелі үлес қосып отыр. Атап айтқанда ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен 104 329 018 теңге сомасындағы ғылыми жобаны жүзеге асыруда. Бұл жобалар ұлттық экономиканың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуді және цифрлық әрі технологиялық трансформацияны басқаруды көздейді. Зерттеу нәтижелерінің Web of Science және Scopus базаларында жариялануы – ҚазҰУ-дың ғылым саласындағы жаһандық беделін арттырудың маңызды қадамы. Ғылымдарымыз халықаралық ғылыми қауымдастықпен ынтымақтастық орната отырып, Қазақстанның ғылымын жаңа биіктерге көтеруге еңбек етіп келеді.

2023 жылы Экономика және бизнес жоғары мектебі халықаралық рейтингтерде өз позицияларын нығайтып, QS World University Ranking by Subject 2023 пәндік рейтингінде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Факультет дайындықтың 14 бағыты бойынша үздік топқа еніп, мынадай көрсеткіштерге ие болды: Economics & Econometrics – әлемдік үздік 251-300 орын, Business & Management Studies – үздік 501-550 орын.

ЭЖБЖМ білім беруді тек кәсіби даярлықпен шектемей, рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға да ерекше назар аударады. Бұл бағыттағы жұмыстар жас ұрпақтың жан-жақты дамуына ықпал етуді мақсат етеді. Университетте әл-Фараби мұрасын жалғастыру арқылы жастарды ізгілікке, ғылым мен білімге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу жолға қойылған. Осы орайда, оқу орнының мерейтойымен қатар

келген еңбек ардагерлерінің құрметіне атаулы шаралар ұйымдастырдық. Саналы ғұмырын ғылым саласына арнаған профессор Ө.Шеденовтің 85 жасқа толған мерейтойы аталып өтті. Профессор Е.Жатқанбаевтың 80 жылдығына арналған ғылыми және оқу еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылды. Профессор С.Оспановтың 85 жылдығына, профессор Б.Мұхамедиевтің, доцент М.Байдәулетовтің 75 жылдығына арналған дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Бұл шаралардың оқытушылар мен жас ұрпақ үшін тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор.

ҚазҰУ-дың табысты түлектері – университеттің айнасы. Олар кәсіби жетістіктерін оқу ордасынан алған білімдерімен байланыстырып, университетке алғыс ретінде демеушілік жасайды. Солардың қатарында ардагер ұстаз, факультет түлегі, профессор С.Нысанбаев студенттерге атаулы стипендия тағайындап, жастардың білім алуына үлкен мүмкіндік берді. Мерейтойға орай түлектер университет кампусын жаңғыртуға, зертханаларды жабдықтауға және студенттерге арналған ресурстарды көбейтуге қаржылай көмек көрсетті. Ғылыми-зерттеу жобаларының қаражаты есебінен факультет инфрақұрылымын жаңғырту бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. Университеттің бай тарихын, ЭЖБМ жетістіктерін және белгілі түлектердің есімдерін дәріптейтін арнайы стендтер жасақталды. Бұл студенттер мен қонақтарға факультеттің даму кезеңдерін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Ғимараттың қабырғаларына жарық жәшіктері (лайтбокстар) орнатылып, олар заманауи талаптарға сай безендірілді. Мұндай жұмыстар ғимараттың эстетикалық келбетін арттырып қана қоймай, мерекелік атмосфераны ерекше сезінуге ықпал етеді.

Ғалия ДӘУЛИЕВА,
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Экономика және бизнес жоғары мектебі факультетінің деканы

ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы – тек университеттің ғана емес, бүкіл Қазақ елінің білім мен ғылым саласындағы маңызды белесі. Философия және саясаттану факультеті білім, ғылым және мәдениеттің орталығы ретінде қалыптасып, Қазақстанның интеллектуалдық дамуына зор үлес қосып келеді. Философия және саясаттану факультеті университеттің 90 жылдық тарихында толағай табыстарға жетті. Даму жолындағы мерейтойлық 2024 жыл да орасан зор жетістіктерімен тарих қойнауына енеді.

ходиагностиканың жаңа әдістерін зерттеп, қазақстандық тәжірибеде жаңа шетелдік әдістерді бейімдеу қажеттілігі және оларды зерттеу негізінде адам ерекшеліктерін диагностикалаудың қазақстандық әдістерін жасаумен айналысуда.

2024-26 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалым – постдок-

Ұлттық рух ұстаханасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында академик Т.Тәжібаевтың туғанына 114 жыл толуына арналған «Қазақстанның ғылымы мен оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. «Заңғар тұлға – академик Т.Тәжібаев» атты кітаптың тұсаукесері болды. III халықаралық Фараби форумы аясында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіліп, ғылым мен білімнің интеграциясы, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және тұлға мәдениетін жетілдіруге қатысты кең ауқымды өзекті мәселелері талқыланды.

«Болгария және Орталық Азия: цифрлық ортадағы мәдениеттер диалогы» тақырыбында Болгария, Қазақстан және Орталық Азия студенттерін осы елдердің мәдениетімен таныстыру, мәдениетаралық қарым-қатынастар кәсіби тұлғаға бағытталған серіктестік құру үшін құзыреттіліктерді дамыту мақсатында халықаралық деңгейдегі кездесу өтті. Әл-Фараби



лық менеджменті мектебі арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Орталық Азияда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Гонконг политехникалық университеті негізінде Тұрақты даму орталығы ашылды.

2024 жылы факультет ғалымдары конкурстың негізге гранттық қаржыландыру есебінен жүргізілетін бірнеше ғылыми-зерттеу жобасын жеңіп алды. Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдар докторы, профессор Г.Насимова «Қазақстандағы саяси қатысу: динамикасы және кеңейту мүмкіндіктері» тақырыбында саяси қатысу

торанттардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижесінде факультетіміздің жас ғалымдары Ұ.Тұнғатова, А.Жамашев, А.Жүнісова постдокторант атанды. 2024 жылы, өткен жылдың қорытындысы бойынша, факультетіміздің төрт оқытушысы – А.Құрманәлиева, Ә.Құранбек, А.Мағауова, З.Сәдуақасова «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болды.

Факультет – Қазақстандағы және аймақтағы маңызды қоғамдық және саяси мәселелерді талқылауға арналған алаң. Ғылыми конференциялар, дөңгелек үс-



атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Даруссалам Гонтор университеті (Индонезия) ғалымдары арасында заманауи ислам философиясын зерттеу мәселелері талқыланды. Кездесуде қос тарап ортақ ғылыми жобалар жасау әрі іске асыру, жас ғалымдардың өзара ғылыми тағылымдамадан өтуі бойынша келісімге келді.

Философия және саясаттану факультеті мен Гонконг политехникалық университетінің Туризм және қонақжай-

факторлары, оның Қазақстандағы нысандарының кеңейту және цифрлық технологиялардың азаматтардың қатысуындағы рөлі туралы зерттеулер жүргізеді. Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымының докторы А.Мыңбаева «Қазақстандағы және әлемдегі білім берудегі психодиагностиканың дамуы: мәдениетаралық талдау және валидация алгоритмін құру» жобасы аясында дүниежүзілік ғылымдағы пси-

телдер, семинарлар және пікірталастар тұрақты түрде өткізіліп, олардың нәтижелері қоғамның дамуындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталады. Факультет ұжымы өз дәстүрлерін сақтай отырып, заман талабына сай жаңа биіктерге ұмтылуда. Табысқа толы тарих жаңа жетістіктермен толыса береді.

Әлия ӨМІРБЕКОВА,
философия және саясаттану факультеті деканының орынбасары, филос.ғ.к.

Биыл 14 ғылыми жоба

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында ақпараттық технологиялар факультеті өзінің ғылыми-білім беру қызметінде бірқатар жұмыстар атқарды.

Биыл факультетте 29 ғылыми жоба қолға алынды. Ал жаңадан ұтып алынған ғылыми жоба саны – 14. Олардың ең маңыздысы және ауқымдысы ретінде қаржыландырылуы 3 миллиард теңгеден асатын мегажобаны атап өтуге болады. Жоба «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру» тақырыбында еліміздің IT саласындағы көптеген ғалымдарды біріктірді.

Жылдың басында халықаралық «Huawei ICT Competition 2023-2024 Middle East & Central Asia» жарысында 4-курс студенттері Аида Бегайдарқызы мен Дидар Молдахметов 1-орынды иеленді. «Digital Farabi – 2024» атты

ҰТЫП АЛДЫҚ



титуты және Люблин техникалық университеті (Польша), Тұран университетінің ұйымдастыруымен университетіміздің 90 жылдығына арналған «Информатика және қолданбалы математика» тақырыбында IX халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

2024 жылғы 28-29 қарашада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде GreenTech Horizons жобасының ресми бастапқы кездесуі

нерия» қысқартылған білім беру бағдарламасының ашылуы университетімізде алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Одан басқа, магистратура деңгейінде онлайн білім беру бағдарламасын ашу бойынша дайындық жұмыстары басталып кетті.

Сонымен қатар факультет Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесіп қосдипломды «Компьютерлік ғылымдар және технологиялар» білім беру бағдарламасын ары қарай жалғастырып, бакалавриат деңгейінде бағдарлама ашуды көздейді.

Факультетіміздегі тағы бір жаңалық – Киберқауіпсіздік және криптология кафедрасының ашылуы. Кафедраның алғашқы меңгерушісі болып ф.м.ғ.к., профессор Шынар Жеңісбекқызы бекітілді.

Осы жылы факультетте барлық студенттік зертханалар қайта жөнделіп, жаңартылды. Заманауи жабдықталған Halyk Academy көпфункционалды зертханасы мен коворкинг аймағы ашылды. Бүгінгі күні бұл зертханада өндіріс орындарынан, Halyk банкінен келген мамандар дәріс өткізіп жатыр. Студенттер мұндай дәрістерге ерекше ынтамен қатысуда.

өтіп, жұмыс жоспары егжей-тегжейлі талқыланып, жоба жұмысы басталды. Жоба Әзірбайжан, Қазақстан және Моңғолияға ерекше назар ау-



дара отырып, шығыс көршілес, Орталық Азия және Азия елдерінде жасыл және цифрлық технологияларға табысты қосарланған көшуге жердемдесуге бағытталды.

Факультет білім беру бағдарламаларын жаңартып, заманауи талаптарға сай келетін курстарды енгізді. Соның бірі – ерекше сұраныстағы «Криптология» білім беру бағдарламасы.

Заман талабына қажет ұшжылдық «Есептегіш инже-

Факультет қоғаммен байланыс орнату мақсатында түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда. Соның ішінде Тұрақты даму мақсаттары аясындағы іс-шаралар, Green Campus жобасы, 100 кітап бағдарламасы және т.б. бар.

Зухра ӘБДИХМЕТОВА,
ақпараттық технологиялар факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жөніндегі орынбасары, PhD

Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы университетіміздің білім, ғылым және инфрақұрылым саласындағы жетістіктерін айқындайтын көптеген бастамаларға серпін берді.

Механика-математика факультеті мерейтой аясында бірнеше маңызды іс-шара ұйымдастырды. Факультет қалыптасу және даму тарихын қамтитын арнайы кітапты оқырмандар назарына ұсынды.

Жетістікті айқындайтын бастамаларға серпін берді



Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасы «Қолданбалы және есептеу математикасының заманауи мәселелері» тақырыбында қалалық ғылыми семинар өткізді. Семинарды ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Б.Жұмағұлов және профессор, д.ф.м.н. У.Әбдібеков жүргізді. Бұл семинарда жетекші ғалымдар өз зерттеулерінің нәтижелерімен бөлісіп, қолданбалы математика саласының өзекті мәселелерін шешу жолдарын талқылады.

Факультет қабырғасында өткен тағы бір ауқымды іс-шара – Computational and Information Technologies in Science, Engineering and Education (CITech-2024) халықаралық ғылыми конференциясы. Конференция 90 жылдық мерейтоймен қатар, академик Шалтай Смағұловтың 75 жылдығына арналды. Бұл конференцияда жақын және алыс шетелдерден келген 100-ден астам баяндамашы өз еңбектерін таныстырып, математика, механика және цифрлық трансформация саласындағы заманауи зерттеулерді талқылады.

Сондай-ақ Evolution Equations, Approximation and Spectral Optimization жазғы мектебі өтті. Мектеп аясында механика-математика факультетінің магистранттары мен докторанттары әлемдік деңгейдегі ғалымдардан дәріс тыңдап, өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндік алды. Сонымен қатар осы тақырыпта халықаралық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға Қазақстаннан және Грузия, Германия, Украина, Әзербайжан, Франция, Нидерланды секілді елдерден келген ғалымдар қатысты. Іс-шарада эволюциялық теңдеулер, спектрлік оң-

тайландыру әдістері және инфрақұрылымды дамытудағы инновациялық технологиялардың маңызы талқыланды.

Университет қабырғасында механика-математика факультетінің және Ө.Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институтының ұйымдастыруымен VII Азиялық халықаралық механика және машинатану ғылымы конференциясы (Asian MMS-2024) өтті. Бұл конференцияда жетекші сарапшылар машина ғылымының дамуындағы заманауи тенденциялар мен өзекті мәселелерді қарастырды.

Жыл бойы факультетте түрлі кездесулер, шеберлік сабақтары, мотивациялық дәрістер және ашық есік күндері өткізілді. Бұл іс-шаралар студенттер мен мектеп оқушыларына университет жетістіктерімен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар факультет университеттің №6 студенттік жатақханасындағы оқу залдарын заманауи оқу құралдары және ғылыми кітаптармен толықтырды. Бұл бастама студенттердің білім алуына қолайлы жағдай жасап, оқу сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Тоқсан жылдық мерейтой – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихындағы маңызды кезең. Жаңа білім беру бағдарламаларының енгізілуі, инфрақұрылымның жаңартылуы, халықаралық деңгейдегі ғылыми шаралардың ұйымдастырылуы университеттің ғылым мен білім саласындағы көшбасшы ретіндегі орнын нығайтты.

Әйгерім ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,
механика-математика факультеті деканының орынбасары

Жаңарған, жаңғырған ҚазҰУ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы аясында оқу ордасының ғимараттары мен студенттер үйіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа жиһаздармен қамтамасыз етілді.

Білім ордасының Экономика және бизнес жоғары мектебі, журналистика, тарих, филология, заң, медицина және денсаулық сақтау, философия және саясаттану, география және табиғатты пайдалану, биология және биотехнология, механика-математика, химия және химиялық технология, физика-техникалық және жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеттерінің кітап сөрелері мен парталары жаңартылды.

Арнайы жасалған жиһаз заманауи талаптар мен стандарттарға сәйкес келеді. Университет әкімшілігінің жоспарында факультеттерді компьютерлік үстелдермен қамтамасыз ету тұр. Бұл студенттер мен оқытушылар үшін неғұрлым ыңғайлы және нәтижелі білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Оң өзгерістер ҚазҰУ-дың білім беру сапасын және оқу үдерісі үшін жағдайларды ұдайы жақсартуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Сондай-ақ студенттер үйіне жаңа парта, орындық, түрлі-түсті пупик, диван қойылды. Арнайы коворкинг бөлмелері білім алушыларға қызмет көрсете бастады. Бұған қоса, ас бөлмелеріндегі тоңазытқыш, газ плиталары жаңартылды. Кейбір жатақханаларға асүй жиһазы орнатылды. Студенттерге арналған оқу залдары түрлі жанрдағы кітап, оқулықтармен толықты. Бұл олардың дүниетанымын кеңейтіп, білімін жан-жақты толықтыруға мүмкіндік береді.

Барлық жиһаздар мен оның дизайнын ҚазҰУ-дың Өндірістік жиһаз цехы әзірлеп, жасағанын атап өткен жөн. Арнайы жасалған жиһаздар алдағы уақытта басқа да оқу ғимараттарына қойылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Марат ЖҮНІСБЕКОВ (фото)



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.